

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі

## **Педагог –психологтың жылдық есебі**

2024 -2025 оқу жылы

**Қызылжар ЖОББ мектебіндегі психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстар есебі**

Мектепте 2 педагог – психолог маманы жұмыс жасайды. Сақтағанова Қамажай 1 штат. Білімі - жоғары, санаты – модератор , еңбек өтілі – 5 жыл, курстан өткен уақыты – 2024жыл.

Утебаева Самал 0,5 штат. Білімі жоғары магистр. Еңбек өтілі 7 жыл. Курс өткен уақыты 2024 жыл

Қыркүйек айында 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары құрылды. Ата – аналардан оқушыларды жеке психологиялық – педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге келісім алынды.

Мектепте контингент саны – 566 оқушы, оның ішінде өгей әкемен тұратын – 11 оқушы, өгей анамен тұратын-1 оқушы.

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының психомоторлық даму деңгейін анықтауға арналған Керн – Иерасик тесті алынды. Алынған әдістеме нәтижесі бойынша 1 оқушы психомоторлық даму деңгейі бойынша анықталды. Қалған оқушының психомоторлық даму деңгейі орташаны көрсетті. Оқушымен жеке жұмыстар жасалды. Нәтижесі бойынша 1 сынып ата – аналарына жадынамалар таратылып, балалардың мектепке даярлығын күшейтуге арналған кеңестер тізімі беріліп, ұсыныстар ұсынылды. 5сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтауға арналған диагностикалар кешені алынды. «Менің сыныбым», «Лусканова», «Социометрия» әдістемелері өткізілді. Мақсаты: оқушылардың мектепке, сыныбына бейімделуін тексеру. Алынған кешенді диагностикалар нәтижесі бойынша 5 сынып оқушыларының бейімделуі жақсы деңгейде. Қорытынды бойынша 5 сынып ата – аналары таныстырылып, оқушылардың бейімделуіне арналған психологиялық кеңестер берілді, ата – ана тарапынан әрдайым қолдаудың керектігі туралы айтылды

8-11 сынып оқушылары арасында буллинг мәселесін зерттеу мақсатында анонимді сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 169 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар арасында буллингтің көрінісі және бопсалау мен әлімжеттік фактілері жоқ екендігі анықталды. Мектеп қызметкерлері, ата – аналар және оқушыларға мектептегі «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы таныстырылды, ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Әлімжеттіктің алдын алу, буллинг туралы ұғымдарын кеңейту мақсатында жалпы ата-аналар жиналысында «Әлімжеттік немесе буллинг» тақырыбында баяндама оқылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Қазан айында** 3-4 сынып оқушыларынан «Баспалдақ әдістемесі» алынды. Өзін-өзі бағалау деңгейін анықталды. 1-2 сынып оқушыларының қатысуымен «Біз біргеміз» тренингі өткізілді. Тренинг мақсаты балалардың бір-бірімен байланыс орнатуға үйрету, серіктесінің қозғалыс темпіне ыңғайлану, «күрек», «мейірімділік» адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Сонымен қатар 1 сынып оқушыларының ата – аналарына оқушылардың мектепке бейімделуіне байланысты ата –аналар жиналысында психологиялық кеңестер берілді. 8-11 сынып оқушыларынан Айзенктің «Психикалық күйдің өзіндік бағасы» әдістемесі алынды. Әдістеме нәтижесі бойынша қатысқан **169** оқушыда да 4 критерий (мазасыздық, үрей, агрессия, ригидтілік) бойынша **41** оқушыда орташа және **14** оқушыда жоғары деңгейлер анықталды. Нәтижеге сәйкес оқушылардан Л.Б.Шнейдердің «Суицид қаупі картасы» жартылай құрылымдалған сұхбаты жүргізілді. Сұхбат қорытындысына сәйкес оқушыларда суицид қаупі анықталмады. 5-сынып оқушыларына орта буынға бейімдеу мақсатында «5 сынып дегеніміз не?», «Достық және сенім», «Мен және менің әлеуметтік рөлдерім» тақырыптарында топтық түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Бастауыш сынып пен 5 сыныпты салыстырды оқушылар. Кейде бастауышты сағынатындарын айтты. Қазан айының 14 жұлдызында оқушылардан «Мен

өмірді сүйемін» тақырыбында эссе жұмысы алынды. Эссенің негізгі мақсаты – өмірдің маңыздылығын көрсету, өмірдегі қуаныштар мен қиындықтарды қабылдау, әрбір сәттің құндылығын ұғыну туралы ой қозғау. Сыныптағы 17 оқушының барлығы өмірдің мәні туралы, оны бағалайтындары, өмірдегі әрбір қуанышты сәттерінен ләззат алатындары туралы, ата-аналарымен бақытты ғұмыр кешіп жатқандықтары туралы жазған. 10 сынып оқушыларымен «Ой, сезім, мінез-құлық» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренинг мақсаты: Жағымды көңіл күй өрісін дамыту, қатысушыларды сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету. Оқушылар тренингке белсене қатысты.

**Қараша айында** 10 сынып оқушылары арасында «Дос болайық бәріміз» тақырыбында Тимбилдинг ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, достыққа баулу. 5-6 сынып оқушыларынан мазасыздықты диагностикалауға арналған Филлипс тесті алынды. Тестке 110 оқушы қатысты. Жоғары деңгейде анықталған 9 оқушы, орташа 34 оқушы анықталды. 7 сыныптан, жасөспірімдердің мазасыздығын анықтауға арналған Кондаш тесті алынды. Нәтижесі шығарылып, хаттамаланды. Ата – ана мен бала қарым – қатынасын зерттеу мақсатында «Сіз қандай ата – анасыз?» тесті алынды. Тест нәтижесіне сәйкес ата – аналарға психологиялық кеңестер мен ұсыныстар берілді. 7-10 сынып оқушыларынан анонимді «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 166 оқушы қатысты. Нәтижесінде ешқандай оқушы тұрмыстық зорлық-зомбылық көрмейтіні анықталды. Бұл мәселеге оқушылар жауапкершілікпен қарайды. Сауалнама барысында оқушылардың ата-анасымен қарым-қатынасының жақсы екені көрініп тұр. «Жас мамандармен» тренинг ұйымдастырылды. Тренинг мақсаты: жас мамандардың кәсіби және жеке дағдыларын дамытуға, жұмыс орнына бейімделуге және тиімді жұмыс істей алу қабілеттерін арттыруға арналған оқыту шарасы. Тренинг барысында олар әртүрлі дағдыларды меңгеріп, ұжыммен қарым-қатынас орнатуға, өз жұмысын сапалы орындауға, сонымен қатар өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік алады. Жас мамандар тренингке белсене қатысты. Қыздар сұлу көрінер қылығымен тақырыбында жиналыс ұйымдастырылды. Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді кастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру; қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу. Жаман әдеттер, дөрекі сөздер, қоғамдық орындарда, мектеп қабырғасында тәртіпсіздік таныту, қыз баласы тәрбиесіне тигізер кері әсері туралы толыққанды мәлімет берілді.

**Желтоқсан айында** 4 сыныптар «Пәнге көз-қарас» түймедақ әдістемесі өткізілді, оқушылар пәндерді көк, қызыл, сары, сұры түстермен бояу арқылы пәнге деген көз қарасы анықталды. 1-2 сынып оқушыларының таным процестерін (есте сақтау, қабылдау, қиял, зейінге байланысты) жаттығулар кешені жүргізілді. «Түстерді тап», «Жұбы қайда?» т.б. жаттығулар өткізілді. 5-8 сынып оқушыларымен «Отбасы бейнесі» арт терапиясы өткізілді. Мақсаты: Эмоционалды өзін-өзі тану: Арт терапиясының көмегімен адам өз отбасымен байланысты эмоциялар мен сезімдерді бейнелеп, оларды түсініп, шешімдер табуға мүмкіндік алады.

**Қаңтар айында** 9-11 сынып оқушыларынан Д. Голланд әдістемесі диагностикасы алынды. Мақсаты оқушылардың кәсіби бағытын анықтау. Нәтижесінде оқушылардың медицина, педагогика, салаларына қызығушылықтары басым екені анықталды. Оқушылардың мамандық таңдауға деген жауапкершілігін арттыру, бағыт – бағдар беру, болашағына деген сенімді орнату мақсатында «Менің таңдаған мамандығым – менің болашағым» тақырыбында 11 сынып оқушылары эссе жазды. 22 қаңтар күні 8-10 сыныптың ер балдарына «Құмар ойындарға тәуелділік Лудомания» тақырыбына жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде қаралған мәселе: Лудомания. Ойынқұмарлықтың алдын алу мәселесі. Мақсаты: Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы лудомания, ойынқұмарлық секілді жағдайлардың алдын алу.

**Ақпан айында** 8-11 сынып оқушыларының жекелік және ситуативтік мазасыздығын анықтауға арналған Спилберг – Ханин тесті алынды. Тестке жалпы 169 оқушы қатысты. Тест нәтижесі бойынша 13 оқушы жартылай құрылымдалған сұхбатқа шақырылды. Сұхбат нәтижесі бойынша оқушылар психолог бақылауына қалдырылды.

3-4 сыныптарда «Кактус әдістемесі» алынды. Эмоционалдық жағымсыз мінез-құлық акцентуациясын анықтау 4 сыныптан 2 оқушы анықталып жеке кеңес өткізілді. 2 сынып оқушыларына нейро жаттығулар өткізілді нейрогимнастикалық кілемшеден секіріп топқа бөлінді. Топқа бөлінген оқушылар таяқшалар арқылы өз қиялдарымен мүсін жасап шығарды. Келесі түстерді ажыратуға байланысты тапсырмаларды орындады. Соңында оқушылар нейрогимнастикалық жаттығулар жасап жаттығуды аяқтады. Оқушылар тапсырмаларды қызығушылық танытып орындап, ерекше әсерде қалды.

26 ақпан күні “Цифрлық әлемде қауіпсіз кадам” тақырыбында дәріс сабақ өткізді. Дәріс сабақ барысында қауіпсіздік сабағы өткізілді, интернет пен цифрлық технологиялар туралы мәлімет берілді, оны қалай қолдану керектігі түсіндірілді. Пайдаланушылардың цифрлық ортада өзін-өзі қорғау қабілетін арттыру. Мақсаты: интернет пен цифрлық технологияларды қолдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік желілерде жеке өмірді қорғау әдістерімен таныстыру, кеңес беру.

**Наурыз айында** педагогтерге «Мотивация анықтауға» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты: ұжымдағы хал – ахуалды зерттеу. Сауалнамаға 62 педагог қатысты. “Мен және менің ұжымым” тақырыбында педагогтермен тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты: ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасын, бір-біріне деген сенімін, өзара түсіністігін арттыруға бағытталған. Ұжым мүшелері арасында ашық және тиімді байланыс орнату. Ата-аналарға «ҰБТ-ға дайындалу кезінде балаңызға қалай көмек беру қажет» тақырыбында жадынама таратылды. 11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында психокоррекциялық тренинг сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім алушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. Адамның өмірге деген сүйіспеншілігін, оның құндылығын түсініп, өмірдегі әрбір сәтті бағалауды насихаттау болып табылады. 8-11 сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында психокоррекциялық тренинг сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім алушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. Жоғары сынып оқушыларымен «Лепешка» ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың әлеуметтік интеллектті қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған әлеуметтік-эмоционалды психологиялық ойын. Наурыз айында жалпы ата-аналар жиналысында «Буллинг, Кибербуллинг» тақырыбында дәріс оқылып кеңестер берілді. Мақсаты: Ата-аналарға балалардың мінез-құлқына назар аудару, мектептегі жағдайды бақылау және балаға моральдық қолдау көрсету туралы ақпарат беру. Буллинг пен әлім жеттік мәселелерін шешу үшін ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеу. 20.03.2025ж күні «Құқықбұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына дәріс оқылып, түсіндірме жұмысы жасалып, тренинг ұйымдастырылды. Оқушыларға «Буллинг» туралы жалпы мағлұмат берілді. Мақсаты: оқушыларды көктемгі каникул кезінде тәртіп сақтауға шақыру, буллинг жасамау, буллингке ұшырамау жолдары айтылды. Қоғамдық орындарда тәртіп сақтауға шақырылды.

**Сәуір айында** 01.04.2025 ж күні педагогикалық кеңесте «Буллингтің алдын алу» тақырыбында педагогтарға баяндама оқылды. Буллингтің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстарға тоқтала отырып, педагогтарды қырағылыққа шақырдық. Буллингтің алдын алу жұмыстарына тек ғана сынып жетекшілер емес, пән мұғалімдері де баса назар аудару керектігі айтылды. Ұжымның әлеуметтік психологиялық ахуалын зерттеу мақсатында О.С.Михалюк, А.Ю.Шалытон сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 62 мұғалім қатысты. 4 сынып оқушыларына «Көңілді эстафет» жарысы өткізілді. Интернат тәрбиеленушілерімен «Маска» терапиясы ұйымдастырылды. Мақсаты: адамның ішкі жан-

дүниесін, эмоцияналдық күйін және психологиялық жағдайын маска арқылы білу. Тәуекел тобындағы оқушылармен «Достық шеңбері» топтық терапиясы өткізілді. Бұл сенім мен сыйластыққа құрылған достар тобы. «Оқушылардың ҰБТ қарсаңында психикалық жүйке қысымын босаңсыту» тақырыбында 11 сынып оқушыларымен тренинг ұйымдастырылды. 5-9 сынып ата-аналарына «Ауыр жүк атаңды, ауыр іс адамды сынайды» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыста «Эбру» техникасы арқылы сурет салынды.

**Мамыр айында** 5-7 сынып оқушыларының (172 оқушы) қатысуымен «Жаңбыр астындағы адам» проективтік әдістемесі жүргізілді. Әдістеменің мақсаты: жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетін, қорғаныс механизмдерінің қасиеттері мен жеке тұлға резервтерін анықтау. Әдістеме нәтижесі бойынша 6 оқушыға қорғану қабілетін нығайтуға арналған сенімділік жаттығуларды қажет ететіні анықталды. 8-10 сынып оқушыларына (134 оқушы) С.Г.Корчагинаның «Жалғыздықты сезіну шкаласы» өткізілді. Нәтижесінде 28-38 ұпай – өзекті жалғыздықты бастан өткеру деңгейі бойынша – 11 оқушы анықталды. Оқушылармен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізіліп, психолог бақылауына алынды. 1-11 сынып аралығында (42 оқушы) А.Н.Волкованың «Балалар мен жасөспірімдердегі суицид қаупінің болжамдық кестесі» толтырылды. Нәтижесінде анықталған оқушы жоқ. Отбасы күніне орай ата-аналарға «Ана-мейірім мекені» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Аналарға бейнеролик көрсетіліп, күн шуағы суреті салынып әр шуаққа баласын еркелететін сөздер жаздырылды. Ситуациялық қызықты сұрақтар қойылып, ата – аналар МАК-карталармен жұмыс жасады.

Мектеп психологы: Сактаганова А.Ж  
Утебаева С.Х